



Абай елі

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№37 (827)

1 - 7 қазан 2025 ЖЫЛ



Марапат

ТОРҚАЛЫ ТОЙҒА ҮЛЕС ҚОСҚАНДАР ҰЛЫҚТАЛУДА



Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы Көкбай, Архат, Қасқабұлақ, Құндызды, Кеңгірбай би, Саржал ауылдарына арнайы барып, Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде ұйымдастыруға белсене атсалысқан және атымтай жомарттық танытқан жергілікті азаматтарға алейс білдірді.

Салтанатты жиында аудан басшысы ел игілігі жолында еңбек еткен азаматтарға шынайы



ризашылығын жеткізді.

Мерейтойдың табысты өтуіне үлес қосқан, демеушілік көрсеткен ауыл тұрғындарына мерекелік медальдар мен аудан әкімінің Алғыс хаттары табысталды.

Сонымен қатар, ауылдық округ



әкімдері де те бірқатар жерлестеріне Алғыс хаттар ұсынды. Салтанатты шарада көрермендерге «Қаламқас» халық ән-би ансамблінің мерекелік концерті ұсынылып, ерекше көңіл-күймен жалғасты.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА САРЖАЛДА САЯБАҚ АШЫЛДЫ



Ауданда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қоршаған ортаны қорғау, ауылдарды көріктендіру мен абаттандыру, тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында бірқатар жүйелі іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлының бастамасымен өткен жылы



ұйымдастырылған «Үздік ауыл – 2024» байқауы.

Аталған байқауға 8 ауылдық округ белсене қатысып, Саржал ауылы бірінші орынды жеңіп алды. Жүлдеқоры ретінде ауылға 20 млн теңгенің сертификаты табысталып, бұл қаржы ауылды абаттандыруға бағытталды.

Ауыл тұрғындарының шешімімен осы қаражат есебінен орталық саябақ салынып, бүгін пайдалануға

берілді. Салтанатты ашылу рәсімі кең көлемде ұйымдастырылып, тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Шара барысында дәстүрге айналған «Үздік ауыл – 2025» байқауының да қорытындысы жарияланып, жеңімпаз ауылдар марапатталды:

- I орын – Көкбай ауылдық округі (15 млн теңге)
- II орын – Қасқабұлақ ауылдық

округі (10 млн теңге)

- III орын – Тоқтамыс ауылдық округі (7 млн теңге)
- III орын – Саржал ауылдық округі (7 млн теңге)

Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы өз сөзінде ауылдарды дамыту мен көркейту – ел болашағына қосылған үлес екенін атап өтіп, игі бастамаға белсенді қатысқан тұрғындарға алғыс білдірді.

«Абай елі» ақпараты





Объявление

ТОО «kz.copper» сообщает, что 07.11.2025 г по адресу обл. Абай, Абайский р-н, с.Журекадыр, ул. Ақтамберды 6, (Дом культуры):

- в 10:00 ч. в соответствии с требованиями ст.73 ЭК РК состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №78-EL от «22» апреля 2019 года в Абайской области (месторождение Каншоқы)»;
- в 11:00 ч. в соответствии с требованиями ст. 96 ЭК РК РК состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплекту документов к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №78-EL от «22» апреля 2019 года в Абайской области (месторождение Каншоқы)».

Пакет проектной документации доступен на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД) <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай».

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу обл.Абай, город Семей, ул.Турлыханова, 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru, тел. 8(7222)35-44-32.

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Данные для подключения:

- Идентификатор конференции: 832 8522 1838, код доступа: dF35w5.
- Активная ссылка будет предоставлена на сайте НБД и на сайте МИО ГУ.
- Дополнительную информацию можно получить у инициатора намечаемой деятельности - ТОО «kz.copper». БИН: 171240018628, г. Алматы, Алмалинский р-н, ул. Қазыбек Би, дом 65, тел: +7 701 228 2497. Эл.адрес: anuar@tanc.kz

Хабарландыру

«kz.copper» ЖШС 07.11.2025 жылы Абай обл., Абай ауд., Журекадыр а., Ақтамберді көшесі 6 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша:

- сағат 10:00 ҚР ЭК 73-бабының талаптарына сәйкес, «(Қаншоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-EL лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды;
- сағат 11:00 ҚР ЭК 96 бабының талаптарына сәйкес, «(Қаншоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-EL лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттамамен <https://ndbecology.gov.kz/>, Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай - күйі туралы Ұлттық деректер банкі (ҰДБ) сайтында, «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Ескертулер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ҰДБ сайтында, сондай-ақ Абай обл., Семей қ-сы, Тұрдыханов к-сі 30 «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru, 8(7222)35-44-32 тел. бойынша қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Қосылуға арналған деректер:

- Конференция идентификаторы: 832 8522 1838, қосылу коды: dF35w5.
- Белсенді сілтеме ҰДБ және ЖАО сайтында ұсынылады.
- Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы - «kz.copper» ЖШС. БСН:171240018628, Алматы қ-сы, Алмалы ауд., Қазыбек Би к-сі, 65, тел: : +7 701 228 2497. Эл.адрес: anuar@tanc.kz.

ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІК - ҒАЛАМ ДЕРТІ

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Бүгінгі таңда интернет адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, жастар үшін ғаламтор – білім көзі, қарым-қатынас құралы әрі жаңалық әлеміне ашылған есік. Дегенмен, артық қолданылған дүниенің зияны болатыны секілді, интернетке шектен тыс тәуелділік те қоғамды алаңдатарлық жағдайға жеткізуде.

Жастар ғаламтор арқылы шетелдік тәжірибені меңгереді, түрлі онлайн курстарға қатысады, ғылым мен мәдениет жаңалықтарын қадағалайды. Әлемнің кез келген түкпірімен бір сәтте байланысу мүмкіндігі – үлкен жетістік. Кітапханаларға бармай-ақ, қажетті ақпаратты алу немесе жаңа дағдыларды үйрену – интернеттің ең басты артықшылығы.

Алайда, пайданың қасында зиян да қатар жүреді. Қазіргі жастардың көбі күніне бірнеше сағат бойы әлеуметтік желіде отырады. Бұл, біріншіден, денсаулыққа кері әсер етеді: көздің көруі нашарлайды, ұйқы режимі бұзылады. Екіншіден, психологиялық тұрғыдан да салдары ауыр – жалғыздық сезімі, виртуалды өмірге әуестік, өз-өзіне сенімсіздік пайда болады.

Кейбір жастар шынайы өмірдегі қарым-қатынастан қашып, виртуалды достықты таңдауда. Нәтижесінде,

қоғамнан оқшаулану, тіл мәдениетінің әлсіреуі, уақытты тиімді пайдалана алмау сынды мәселелер туындайды. Осы тұста кітап оқудың пайдасы айрықша көрінеді. Кітап – терең білімнің, жүйелі ойдың қайнар көзі. Ол адамның қиялын дамытып, сөздік қорын байытады, ойды нақты жеткізуге үйретеді. Ал интернеттен оқылған ақпарат көбіне үстірт әрі сенімсіз болуы мүмкін. Сондықтан жастарға ең тиімді жол – екеуін де орнымен пайдалану: жедел ақпаратты ғаламтордан алу, ал терең білім мен мәдениетті, тәлім мен тәрбиені кітаптан табу.

Бұл мәселеде ата-ана мен ұстаздың рөлі зор. Баланың интернетті қалай пайдаланып жүргенін бақылау, белгілі бір уақыт шектеуін қою – тәртіптің бір тетігі. Сонымен бірге, жастарды кітап оқуға, спортпен айналысуға, мәдени шараларға тарту да тәуелділікті азайтады.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан да түрлі бастамалар қолға алынуы тиіс. Мәселен, «Интернетсіз күн» акциялары, ақпараттық сауаттылық бойынша тренингтер, жастар клубтары жұмысын жандандыру – тиімді қадамдардың бірі болмақ.

Интернет – дамудың даңғыл жолы, бірақ ол тек дұрыс қолданылғанда ғана пайдасын берері анық.

Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,
«Абай елі»

● ТЖБ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ӨЗ МҮЛКІҢІЗДІ САҚТАҢЫЗ, ҚОҚЫСТЫ ӨРТЕГЕНДЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!!!

Құз уақытта аудан тұрғындарының көпшілігі қоқыстарды, тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарының маңына түскен ағаштардың жапырақтарын өрттейді. Бірақ орын алған өрттердің талдауы көптеген жағдайда өрттің пайда болуының бірінші себебі адамдардың салғырттығы мен жауапсыздығы болатынын көрсетеді. Өрт көбінесе қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерің сақталмауы салдарынан басталауының ұмытпауымыз тиіс. Озінің бейқамдығы бойынша көптеген азаматтар аулалық құрылыстар мен құрылыстарға жақын жерде от жағады, жанып жатқан отты қараусыз қалдырады немесе ыңғайлы жағдайды пайдалана отырып, отпен

ойнай бастайды, осының барлығы ол купірлікке әкеледі. Құрметті тұрғындар өз мүлкіңізді сақтаңыз, қоқысты шығартудан ақшанызды аямаңыз.

Өрт шыққан жағдайда дереу 101 немесе 112 нөмірі бойынша өртке қарсы қызметті шақырыңыз. Мүмкіндігінше қолда бар құралдармен сөндіруге кірісу керек. Адамдар мен жануарларды оттың таралуы мүмкін аймақтан эвакуациялау керек.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу ҚР ӘҚБК 336, 410-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

Абай ауданының ТЖБ

Абай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ЕСКЕРТЕДІ Ауылдық округ аймағында (тұрғын үй аумағы) және далалық алқаптарда қоқыс жағуға тиім салынатынын ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ 336-бап. Қалдықтарды жинап қою немесе жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау.

Қалдықтарды жинап қою немесе жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау;

- жеке тұлғаларға – жиырма (1-АЕК-

3692теңге) - 73840 теңге,

- лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз,
- орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз,
- ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Абай ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі

ГАЗ БАЛОН!

Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтары апат айтып келмейді дегенмен халықтан барлық сақтық шараларын сақтауды сұраймыз.

Абай ауданы ТЖД қызметкерлері газ құралдарымен мен балондарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігің қарапайым қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы ескертеді. Газдың таралуы көбінде ұмытшақтық немесе газ құбырларының аппаратураның және газ аспаптарының ақауларының салдарынан, сондай ақ

газ балондарының ақаулығы кезінде орын алатынын есте сақтаңыз. Газ есептігішінің ағын анықтау немесе корсеткіштерін алу үшін жанған сіріккені немесе шамды пайдалануға тыйым салынады. Газ жабдығы орнатылған үй-жайларды мұқият желдету қажет. Сіздің қауіпсіздігіңіз өз қолыңызда!

Абай ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі

КҮЗ МАҰСЫМДА САҚТЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ!

Аса қауіпті тілсіз жау - өртті болдырмау, оның алдын алу - баршамаыздың әрқашандағы борышымыз. Әсіресе, күз айларындағы қарбалас тірлік - өрт қауіпсіздігін сақтауды барынша қажет етеді. Жерінің көп бөлігі - жайылым мен шабындыққа пайдаланылатын туған өңірімізде шөп шабу науқаны көрінінің қыза түсетіні анық. Осы шақ, шөп шабушылардың, автокөлік жүргізушілердің өз істеріне аса мұқият болуын талап етеді. Сондықтан, шөп шабу науқаны кезінде, шөп шабушы, тасмалдаушы барлық тұлғаларға өртке қауіпсіздігін сақтау туралы еске салу қажет, ал шөп жинауға қатысты техникаларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы, оталдыру және майлау жүйелері үнемі реттелуі тиіс. Автокөліктер мен тракторлардың түтін шығаратын түтіктен шығатын жалын-

ды сөндіргіштері, арнайы өрт сөндіргіш құралдары болуы қажет! Сөндірмей, лақтырып тастаған шырпы немесе шылым тұқылының өзі - сайын даламызды отқа орауы мүмкін.

Аудан аумағында бірнеше дала өрті мен дала жану оқиғалары тіркелді. Осы фактілер бойынша кінәлі адамдар анықталып, олар Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық бұзушылық Кодексі баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып айыппұлдар салынды.

Сондықтан, жүргізушілер мен шөп шабушылар және барша аудан тұрғындары өртті болдырмай, басты байлығымыз – жерімізді қорғауға барынша ат салыссақ, нұр үстіне нұр болып, жеріміз көркейеді.

Абай ауданының ТЖБ

Жаңа Салық кодексін түсіндіру бойынша көшпелі семинар

Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері Абай ауданы Қарауыл ауылында бизнес-қоғамдастықпен жаңа Салық кодексінің нормаларын түсіндіру бойынша көшпелі семинар өткізді. Семинар барысында 2026 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексінің негізгі аспектілері қамтылды. Бұл заңнаманың Қазақстандағы салық жүйесінің ашықтығын жақсарту үшін маңызы зор. Іс-шара кезінде қатысушыларға қосылған құн салығы, корпоративтік және жеке табыс салығын қоса алғанда, салықтарды есептеу мен төлеуге қатысты негізгі өзгерістер түсіндірілді. Шағын және орта бизнеске қатысты инновациялар, салық есептіліктерін, төлемдер мен алымдарды азайту, салықтық әкімшілендіруді жеңілдету және бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған шараларға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, «Ami» мобильді қосымшасы арқылы фискалды чектерді тіркеу, акцияларға қатысу арқылы ақшалай және басқа да сыйлықтарды ұтып алу мүмкіндіктері туралы айтылды. Қатысушылар белсенді пікір алмасып, сындарлы диалогқа ықпал ететін сұрақтар қойып, толық жауаптар алды. Бұл іс-шара салық заңнамасындағы өзгерістерді және олардың аймақтың бизнес-қоғамдастығына әсерін

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА

Мемлекеттік кірістер комитетінің қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес бақылау - кассалық машинаның (БКМ) бағдарламалық протоколы негізінде 2.0.2 нұсқасынан 2.0.3 нұсқасына жаңарту бойынша қайта бағдарламалау қажет екендігін ескертеді.

Бақылау - кассалық машинаның (БКМ) 2.0.3 нұсқасы протоколында ұлттық тауарлар каталогына автоматты түрде қосу және БКМ-нің нақты орналасқан жерін анықтайтын ФДО тарапынан геолокация айқындау сервисі көзделген.

Осы 2.0.3 протоколына сәйкес, қолданыстағы Бақылау - кассалық машинасы (БКМ) бар жеке кәсіпкерлер тіркеу және беру функциясы бар электрондық құрылғыларын (темір касса) 01.10.2025 жылға дейін өзгерту керек екендігін хабарлайды.

Абай ауданы бойынша кірістер басқармасы